

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ШАҒЫН ТАЛАПТАР СОТЫНДА

2025 жылғы 30 шілде

№: AIFC-C/SCC/2025/0007 ic

ДӘРЖАН ЕРЛАН ВИЛЕНҰЛЫ

Талап қоюшы

қарсы

«ACLB MANAGEMENT COMPANY LIMITED» Жеке компаниясы

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Сайма Ханиф КС

БҰЙРЫҚ

1. Талап қоюшының Жауапкерге қарсы талабы қанағаттандырылсын.
2. Жауапкер Талап қоюшыға жалпы сомасы 2 151 200 теңгені 2025 жылғы 13 тамыздан кешіктірмей төлеуге міндетті.

ШЕШІМ

Кіріспе

1. 2025 жылғы 19 наурызда тіркелген талап арызға сәйкес, Талап қоюшы Жауапкермен жасалған жазбаша инвестициялық шарт (бұдан әрі – «Шарт») негізінде АХҚО Шағын талаптар сотынан әртүрлі құқықтық қорғау шараларын талап етеді.
2. Талап қоюшы істі ауызша тыңдаусыз қарауды сұрады.
3. Маған Талап қоюшының заңды өкілі қол қойған құжат ұсынылды, онда 2025 жылғы 1 шілдеде талап арыздың көшірмесі АХҚО қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитеті компанияларының ресми жария тізілімінде көрсетілген Жауапкердің тіркелген пошталық мекенжайына жіберілгені көрсетілген.
4. Осы шешім қабылданған күнге дейін Жауапкер сотқа талапқа қатысты қарсылық ұсынбады және Талап қоюшымен де, сотпен де байланысқа шықпады.
5. Талап арыз Жауапкерге тиісті түрде табысталды деген қорытындыға келгендіктен, іс Талап қоюшы ұсынған құжаттар негізінде қаралады.

Юрисдикция

6. 2024 жылғы 29 шілдеде тараптар Шарт жасасты. Шарттың 5.2-тармағында мыналар көзделген:

«Тараптар осы Шартқа қатысты іс жүргізу әрекеттерін жүзеге асыру үшін АХҚО сотының юрисдикциясына бағынады. Тараптар осы арқылы Шартқа байланысты кез келген талап, шара немесе сот талқылауы бойынша іс жүргізу құжаттары тиісті Тарапқа осы Шартта көрсетілген мекенжай бойынша жіберілуі мүмкін екенін растайды.»

7. Талап арыздың 3.1-тармағында Талап қоюшы Шарттың 5.2-тармағына сүйене отырып, АХҚО сотының дауды қарауға юрисдикциясы бар екенін көрсетеді.
8. Мен АХҚО сотының юрисдикциясы бар екеніне және істі Шағын талаптар сотында («ШТС») қарау АХҚО Соты Ережелерінің («Сот ережелері») 28.2-тармағына сәйкес орынды екеніне көз жеткіздім.

Тараптар

9. Талап қоюшы – Дәржан Ерлан Виленұлы мырза.
10. Жауапкер – Астана халықаралық қаржы орталығында тіркелген жеке компания.

Шарттың талаптары

11. 2024 жылғы 29 шілдеде Талап қоюшы мен Жауапкер «Вакала келісімі №7» атты Келісім жасасты. Талап арызда «Вакала» және «№7» терминдерінің мәні түсіндірілмеген, алайда бұл істі қарау үшін маңызды емес.
12. Шарттың мақсаты 1-тармақта былай көрсетілген:

«Клиент ... Компанияны өзінің агенті ретінде тағайындады ... және Клиенттің қаражатын инвестициялық жобаларға инвестициялауды тапсырды...»
13. Талап арызда түсіндірілгендей, инвестициялық жобалар Шариғат қағидаттарына сәйкес болуы тиіс еді. Сонымен қатар, Жауапкер қаражатты Талап қоюшының мүддесіне сай инвестициялауға және табыс алынған жағдайда оны Талап қоюшыға төлеуге міндетті болған.
14. Шарттың 3.1-тармағына сәйкес, Жауапкер қаражатты «Инвестициялық қор» арқылы инвестициялау жолымен басқаруға міндетті. Бұл қор 1-тармақта «Жауапкер инвестициялық соманы табыс алу мақсатында әрі қарай инвестициялайтын кез келген қор» ретінде анықталған.
15. Шарттың 1-қосымшасы үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде Жауапкердің ұсынысы көрсетілген:
 - (1) Инвестиция сомасы – 2 000 000 теңге;
 - (2) Инвестициялау күні – 2024 жылғы 29 шілде, өтеу күні – 2029 жылғы 29 шілде;
 - (3) Күтілетін пайда – жылдық 19%.
16. Екінші бөлім өзінің мәні бойынша клиенттің ұсыныспен «келісімін» білдіреді. Онда клиенттің «жоғарыда көрсетілген» талаптарды қабылдайтыны көрсетілген (анық болғандай, бұл 2024 жылғы 29 шілдедегі келісімнің талаптарына сілтеме болып табылады).
17. Үшінші бөлімді қарастырудың қажеттілігі жоқ (ол клиенттің табыс көзіне қатысты сұрақтарды қамтитын сауалнама).

Шартқа қол қою және кейінгі оқиғалар

18. «Төлем туралы түбіртек» құжатына сәйкес, Келісімге тараптар электрондық түрде қол қойған: Жауапкер – 2024 жылғы 31 шілдеде, Талап қоюшы – 2024 жылғы 1 тамызда.
19. «Шот нөміріне аударым» құжатына сәйкес, 2024 жылғы 1 тамызда Дәржан мырзаның шотынан Жауапкердің пайдасына 2 040 000 теңге аударылған. Төлем мақсаты ретінде «Вакала келісімі №7» көрсетілген. Құжат «№2237418727 түбіртек» ретінде тіркелген.
20. Бұл Талап арыздың 4.4-тармағымен сәйкес келеді.
21. 2024 жылғы 5 желтоқсанда АХҚО қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитеті «ACLB Management Company Limited» компаниясының мәртебесіне қатысты ескерту жариялады, онда компанияның лицензиясы жоқ екені және қаржылық қызмет көрсетуге уәкілетті еместігі көрсетілген.
22. 2025 жылғы 21 қаңтарда Талап қоюшы Жауапкердің бас директоры (Баев мырза) атына «жасалған мәміле қолданыстағы заңнама талаптарын бұзатындықтан жарамсыз болып табылады» деген негізбен 2 040 000 теңгені қайтару туралы талап хат жолдады. Хатта Жауапкердің «[АХҚО] заңнамасына сәйкес Жеке компания ретінде тіркелгенімен, Қаржылық қызметтерді реттеу комитеті (бұдан әрі – АХҚО қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитеті) берген қаржылық

қызметтер көрсетуге арналған лицензиясы жоқ екені, осыған байланысты мәміленің жарамсыз болып табылатыны» түсіндірілген.

23. Хат Жауапкердің Шартта көрсетілген мекенжайына курьер арқылы жіберілді, бірақ жауап алынбады.
24. Талап арыздың 5.8-тармағы Жауапкердің осы уақытқа дейін ақшалай қаражатты қайтармағанын растайды.
25. 2025 жылғы 19 наурызда талап АХҚО сотында тіркелді.

Талаптың құқықтық негіздері

26. Талап қоюшының даулауға қатысты құқықтық негіздері Талап арыздың 5.1–5.4-тармақтарында баяндалған. Қысқаша айтқанда, Талап қоюшы Жауапкердің қаржылық қызметтер көрсетуге арналған АХҚО қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитеті лицензиясы болмағандықтан, Шарт Қазақстан Республикасының қолданылатын заңнамасын және АХҚО заңнамасын бұзатындықтан жарамсыз болып табылады деп мәлімдейді.
27. Осыған байланысты мен АХҚО Қаржылық қызметтер жөніндегі Үлгі регламентінің 24-бөлімі қаржылық қызметтер саласындағы реттелетін қызметті AFSA лицензиясынсыз жүзеге асыруға тарапқа тыйым салатынын атап өтемін. Бұдан бөлек, «Келісімдердің мәжбүрлеп орындалуы мүмкіндігі» деп аталатын 28-бөлімнің 28(2)-бабында тараптың келісім бойынша өзі төлеген кез келген ақшаны өндіріп алу үшін АХҚО Сотына жүгінуіне болатыны көзделген.
28. Маған Талап қоюшы ұсынған ақпарат негізінде, осы сәтте Жауапкердің қаржылық қызметтер саласындағы реттелетін қызметті жүзеге асыру үшін АХҚО қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитеті тарапынан қажетті лицензиясы болмағанына сенімдімін, сондықтан Талап қоюшы Шарт бойынша Жауапкерге төленген кез келген ақшалай қаражатты қайтаруды талап етуге құқылы.

Құқықтық қорғау шаралары

29. Талап қоюшы келесіні талап етеді (Талап арыздың 3-бөлімін қараңыз):
 - (1) 2 040 000 теңгені қайтару;
 - (2) 11 200 теңге көлеміндегі сот алымы;
 - (3) аудармашы және нотариус қызметтері – 51 295 теңге;
 - (4) өкілдік шығындар – 200 000 теңге.
30. АХҚО Сотының Ережелерінің 26.9-ережесі төмендегіні көздейді:

«ШТС екінші тарапқа сот шығындары, алымдар мен өзге де шығыстарды, соның ішінде апелляцияға байланысты шығыстарды төлеуді бұйыра алмайды, тек келесі жағдайларды қоспағанда:

 - (1) ШТС басқа тарапқа төленетін сот шығындарының орынды деп тануы мүмкін бөлігін; және
 - (2) ШТС қысқаша рәсім мен тәртіп бойынша бағалай алатын және негізсіз әрекет еткен тарап төлеуге тиіс қосымша шығыстарды.»
31. Мен осы іс бойынша Талап қоюшы төлеген сот алымын Жауапкер өтеуі тиіс деп есептеймін.
32. Сонымен қатар, Жауапкер 2025 жылғы 21 қаңтардағы Талап қоюшының хатына жауап бермеген жағдайларда, сол арқылы Талап қоюшыны сот ісін бастауға мәжбүр еткен кезде және Жауапкер

жалпы алғанда сот процесіне қатыспаған (талапты мойындамай немесе жоққа шығармай) жағдайда, мен Жауапкердің әрекеті негізсіз деп есептеймін. Алайда, бұл шағын талаптар соты екенін ескере отырып, мен Талап қоюшының өкілдік шығындарының 50%-ын, яғни 100 000 теңгені өтеуді тағайындаймын.

Шешім

33. Жауапкер Талап қоюшыға жалпы сомасы 2 151 200 теңгені 2025 жылғы 13 тамыздан кешіктірмей төлеуге міндетті.

АХҚО Шағын талаптар соты қабылдады,

Сайма Ханиф КС,
Судья, АХҚО Шағын талаптар соты

Өкілдік:

Талап қоюшы атынан тәуелсіз сыртқы заң консультанты Ерлан Ахметов мырза өкілдік етті, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы.

Жауапкер аталған іс жүргізуге қатысқан жоқ.